# ***«Кім білгір?» атты интеллектуалдық танымдық сайыс***

**Бекетай Н.С.**
**Тарих пәні мұғалімі**

- **Мақсаты:**
- Оқушылардың сабақтан алған білімдерін пысықтау.
- Оқушылардың өз білімдерін жеткізе білу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
- Ортада өзін ұстауға, сабырлылыққа, ұстамдылыққа және жылдамдыққа тәрбиелеу.

- **Қатысушылар:** 6 «А», «Ә», «Б» сыныптар (әр кластан 4 оқушыдан 12 оқушы)

# Сайыс 5 кезеңнен тұрады

**I тур -** ***«Тарихқа саяхат»***

**II тур -** «Самғау»

**III тур –** ***«Суреттер сөйлейді»***

**IV тур –** ***«Тарихи терминдер»***

**V тур –** ***«Капитандар сайысы»***

# Бағалау жүйесі

1

2

3

4

5

беріледі, 2 кезеңі бойынша таңдаған ұяшыққа сәйкес 10, 20, ... ұпай қойылады.

**<u>I тур</u>** ***<u>«Тарихқа саяхат»</u>***

(тарихи хронологиямен жұмыс, әр топқа 3 сұрақтан қойылады)

1

2

3

1. Ең алғашқы крест жорығы қашан басталды?

(1096 жыл)

2. Ислам діні қай жылы пайда болды?

(610 жыл)

3. Онон өзені бойында өткен Құрылтайда моңғол және түркі тайпалары Темужінді «Шыңғысхан» деген атпен ұлы хан етіп сайлаған жыл?

(1206 жыл)

1. Ең соңғы, яғни сегізінші крест жорығы қашан болды?

(1270 жыл)

2. Араб тайпаларының көп бөлігі ислам дінін қабылдап, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) билігін мойындаған жыл?

(630 жыл)

3. Шыңғысхан дүниеге келген жыл?

(1155 жыл)

1. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) дүниеге келген жыл?

(570 жыл)

2. III Иннокентий папа ұйымдастырған төртінші крест жорықтары ұйымдастырыған жыл?

(1202 жыл)

3. Шыңғысхан бастаған моңғолдар Қазақстан жаулай бастаған уақыт?

(1219 жыл)

**II тур - «Самғау»**

(берілген ұяшықтардан деңгейіне байланысты тапсырмалар таңдайды)

| | | |
|---|---|---|
| 10 | 10 | 10 |
| 20 | 20 | 20 |
| 30 | 30 | 30 |

# Шыңғысханның заңдар жинағы қалай аталды?

Яса немесе жасақ

# Шыңғысхан құрған мемлекет қалай аталады?

- *Моңғол империясы*

# Шыңғысханның азан шақырып қойған есімі кім?

- *Темужін*

# Шығысқа жорықты ұйымдастырушы католик шіркеуінің мақсаты?

- *Еуропадағы саяси билікті өз қолына алу. Басқа да нақты жауаптар қабылданады*

# Крест жорықтары дегенді қалай түсінесіздер?

- *Христиан діні мен ислам діні арасындағы соғыс. Шіркеудің билікті өз қолына алуға тырысу әрекеті т.б.*

# Мысырдағы мәмлүктер сұлтаны Бейбарыс туралы не білесіздер?

- *Мысырдың 4-ші сұлтаны, қазақ даласынан құл болып сатылып барған, крест және моңғол шапқыншылығын тоқтатқан тарихи тұлға*

# Әбу Райхан әл-Бируни туралы не білеміз?

- *жердің күнді айналатындығы туралы болжам айтқан. Бұл болжамды ол Коперниктен 500 жыл бұрын, денелердің Жерге қарай тартылуын Галилей мен Ньютоннан 600 жыл бұрын болжаған.*

# Ибн Сина туралы не білеміз?

- *(Еуропада оны «Авиценна» деп атаған. Басты жетістігі медицина саласында атқарған қызметі болып, оның кітабы 17 ғасырға дейін дәрігерлер қолынан тасмамайын кітабы болған*

# Әл-Масуди туралы не білеміз?

- *Араб тарихшысы, географ. «Замана тарихы» деп аталатын 30 томдық кітап жазған.*

**III кезең – «*Суреттер* *сөйлейді*»**

(оқушыларға әр түрлі суреттер көрсетіледі, сол бойынша оқиғаны табады)









Крест жорықтары






# Феодалдық дәуір










# Ислам діні









Моңғол империясы










Федолдық саты






Мәдениет

**IV кезең – «*Тарихи терминдер»*** (әр топқа 3 термин беріледі, сонның анықтамасын береді).

1

2

3

1. Феодал –

орта ғасырдағы жердің иесі.

2. Шеих –

орта ғасырлардағы арабтардың тайпа көсемдерінің атауы.

3. Құрылтай –

Шыңғысхан ұрпақтарының жалпы империялық жиналасы.

1. Оброк –

шаруалардың міндеткерлігін заттай алым-салықпен өтеуі.

2. Халиф –

пайғамбардың ізбасарлары, Араб халифатындағы жоғарғы мемлекет басшысы

3. Жасақ «Яса» -

Моңғол мемлекетінің басты заңдар жинағы.

1. Барщина –

шаруалардың міндеткерлігін еңбекпен өтеуі.

2. Иқта –

араб халифатында мемлекетке адал қызмет еткендерге берілген жер үлесі

3. Хижра -

мұсылмандық жыл санау

**V тур – *«Капитандар сайысы»***

а) әр топ басшысына 5 сұрақ қойылады, соған ия немесе жоқ деп тез жауап береді.

б) әр топ басшысы 10,20,30 ұпайлық тапсырма таңдап, соған жауап береді. Жауап берсе ұпай қосылады, ал жауап бермесе ұпай шегеріледі.

# I

1. Моңғол мемлекетінің негізін салушы Шыңғысхан.

2. Рим империясы ресми түрде 325 жылы екіге бөлініп кетті.

3. Киев Русі мемлекеті XIII ғасырда құрылды.

4. Крест жорығы мұсылман мен христиан діні арасындағы соғыс.

5. Мұсылмандардың қасиетті кітабы- Құран Кәрім

# II

1. Шыңғысхан 1115 жылы дүниеге келген.

2. Шығыс Рим империясы тарихта Византия империясы деп аталды.

3. Киев Русі мемлекетінің астанасы Мәскеу қаласы болды.

4. Жалпы крест жорығы 8 рет болған.

5. Ислам діні Византия жерінде пайда болды.

# III

1. Моңғол империясы 1357 жылы құрылады.

2. Феодалдық саты бойынша ең басты феодал король болды.

3. Византия империясында император атағы епископ деп аталды.

4. Крест жорықтары XI ғасыр аяғынан XIII ғасыр соңына дейін созылды.

5. Ислам дінінің негізін салушы Иса пайғамбар.

| | | |
|---|---|---|
| 10 | 10 | 10 |
| 20 | 20 | 20 |
| 30 | 30 | 30 |

# Феодалдық сатыға кімдер кірді?

король, герцог пен граф, барон мен виконт, рыцарь

# Яса (Жасақ) заңдары туралы не білесіз?

- заң 2 бөлімнен тұрды. 1-ші Шыңғыс хан өсиеттері, 2-шісі мемлекетті басқарудағы заң ережелері

# Ортағасырлық мұсылман ғалымдары мен ғұламаларын атаңыз

- Ибн Сина, әл-Масуди, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А. Яссауи, әл-Бируни т.б

# І, С, А, Д, И, Н, Л,  І, М

Ислам діні

# А, Ы, Ж, З, А, С, Ң, Қ, А

- Жасақ заңы

# Ы, Е, Т, Ы, К, С, О, Ғ, Р, Р, Ж

- Крест жорығы

Мәтінде қандай оқиға баяндалған. 1237 жылдың қысында ол көп әскермен Еділ өзенінен өтіп, Рязань қаласына келіп жетеді. Рязань және Мәскеу қалаларын алады. 1238 жылы ақпанда Владимир қаласын қоршап, үш күннен кейін қаланы басып алды.

***Батый ханның Батысқа жорығы***

Мәтінде қандай оқиға баяндалған. Бұл Батыс Еуропа елдері тарапынан жүргізілген әділетсіз, басқыншылық соғыстар болды. Бұл соғыстар дүниежүзілік өркениеттің дамуына едеуір кедергі келтірді.

***Крест жорықтары***

Мәтінде қандай оқиға баяндалған. Мемлекеттік құрылымы жағынан бұл империяның билігі бір адамның шексіз билігіне бағындырылған монархия болды. Барлық өкімет билігі император қолына шоғырландырылды. Жұрт Құдайдан кейін императорға табынатын.

- ***Византия империясы билігі***

Жарыс аяқталды

Баршаңызға рахмет!!!

# І, С, А, Д,И, Н, Л, І, М

- Ислам діні

# А, Ы, Ж, З, А, С, Ң, Қ, А

- Жасақ заңы

# Ы, Е, Т, Ы, К, С, О, Ғ, Р, Р, Ж

- Крест жорығы